

Балалар ауылындағы отбасы туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 140 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 сәуірде № 27504 болып тіркелді.

"Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 3) тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Балалар ауылындағы отбасы туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

А. Аймагамбетов

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2022 жылғы 7 сәуірдегі
№ 140 Бұйрығымен
бекітілген

Балалар ауылындағы отбасы туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Балалар ауылындағы отбасы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді

2. Осы Ережеде келесі негізгі ұғым қолданылады:

1) балалар ауылындағы отбасы – балаларды тәрбиелеудің жаңа нысанынан туындайтын, отбасылық қатынастарды нығайтуға және еңбек дағдыларын сіңіруге, оқыту мен тәрбиелеуге ықпал етуге бағытталған жеке мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысты адамдар тобы (тәрбиеші ана, тәрбиеленушілер).

3. Балалар ауылдарындағы отбасының қызметі балалардың мүддесі үшін ұйымдастырылады және оларды әлеуметтік қорғауға және бейімдеуге бағытталған, сондай-ақ баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығын іске асыруды, баланың ақыл-ой, эмоционалды және физикалық дамуына ықпал ететін отбасына жақын қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

4. Отбасы мен балалар ауылы әкімшілігінің өзара қарым-қатынастары "Отбасы үлгісіндегі балалар мен жасөспірімдер ауылдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі № 583 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1629 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 583 бұйрық) Балалар ауылының әкімшілігі туралы ережеге сәйкес анықталады.

2 тарау. Балалар ауылдарында отбасын ұйымдастыру тәртібі

5. Балалар ауылдарындағы отбасында он сегіз жасқа дейінгі тәрбиеленушілер, сондай-ақ жасөспірімдер үйлерінен балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың және жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдарының тәрбиеленушілерінің белгілі бір кезеңде тұруы үшін тұрады және тәрбиеленеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Баланы балалар ауылдарындағы отбасына беру оның этникалық шығу тегі, белгілі бір дін мен мәдениетке жататындығы, Ана тілі, тәрбиелеу мен оқытудағы сабақтастықты қамтамасыз ету мүмкіндігі ескеріле отырып, баланың мүдделеріне негізделі отырып жүзеге асырылады.

7. Балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың және жиырма үш жасқа дейінгі балалар ауылдары тәрбиеленушілерінің белгілі бір кезеңде тұруы үшін балалар ауылдарындағы балалардың жалпы саны он сегіз жасқа дейінгі жетіден онға дейінгі тәрбиеленуші баланы, сондай-ақ жасөспірімдер үйлерінен балаларды құрайды.

8. Балалардың отбасында балалар ауылдарының болуы олардың туған отбасына оралуына, асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронаттық тәрбиелеуге, баланы қабылдайтын отбасына берілуіне кедергі болмайды.

9. Балалар ауылдарында Балаларды отбасында күтіп-бағуды және тәрбиелеуді тәрбиеші ана № 583 бұйрықпен бекітілген балаларды балалар ауылының отбасына беру туралы үлгілік шартқа сәйкес жүзеге асырады.

10. Балаларды балалар ауылында отбасына беру тәрбиеші ана мен бала (балалар) арасында алименттік және тұқым қуалаушылық құқықтық қатынастардың туындауына әкеп соқпайды.

11. Тәрбиеші ана қызметке № 583 бұйрығымен бекітілген Балалар ауылындағы отбасында балаларды күтіп-бағуды және тәрбиелеуді жүзеге асыратын тәрбиеші аналарды конкурстық іріктеуді жүргізу тәртібі туралы ереже негізіндегі конкурстық іріктеудің нәтижесінде отбасы үлгісіндегі балалар ауылы әкімшілігі басшысының бұйрығымен тағайындалады.

12. Тәрбиеші ананың негізгі функциялары:

1) № 583 бұйрықпен бекітілген балаларды балалар ауылының отбасына беру туралы үлгілік шартты орындау;

2) балалармен бірге тұруды қамтамасыз ету;

3) баланы тәрбиелеу және күтіп-бағу үшін жағдайлар жасау және ұйымдастыру;

4) балалардың денсаулығына, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасау;

5) балалардың пікірін ескере отырып, білім беру мекемесін және оқыту нысанын таңдау;

6) Заңның 18-бабының 4-тармағына сәйкес балаларға арналған құжаттардың өзіне берілген көшірмелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

7) кез келген тұлғалармен қарым-қатынаста балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

8) отбасында адамгершілік-рухани және үй ахуалын жасау бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындау болып табылады;

9) балалардың пікірін, балалар ауылы әкімшілігінің пікірін және қорғаншылық және қамқоршылық органының ұсынымдарын ескере отырып, оларды тәрбиелеу тәсілдерін айқындау;

10) балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

11) отбасындағы өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

13. Демалыс, науқастану немесе өзге де болмауы уақытында, дәлелді себептер бойынша тәрбиеші-ананың функцияларын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен тәрбиеші-резервтегі ана орындайды.

14. Тәрбиеші ананың тәрбиеленушіге қатысты өз міндеттерін орындауын, сондай-ақ балаларды күтіп-бағуға бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды балалар ауылының әкімшілігі жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК